



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Кіріс	70000		
Ескерту: Автормен құрастырылған			

Есепті кезең соңында шығыстар және кірістер сомасы қаржылық нәтижені анықтау мақсатында 5610 жиынтық шотына апарылады, сонымен қатар кәсіпорын Пайда мен залалдар туралы есептілікті құрастырады.

Сонымен, кез келген кәсіпорындардағыдай туристік ұйымдар да рентабельді өнімді көбірек сатып-өткізген сайын, ол сәйкесінше көбірек пайда (кіріс) табады және бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайын әлдеқайда жақсартуға ықпал тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңы 2001 жылғы 13 маусымдағы №211
2. ХҚЕС 18 «Кіріс» - www.mf.minfin.kz
3. Таштанова Н.Н. Особенности организации учета в туристской деятельности // Журнал «Вестник ЕНУ» - 2009. - № 1 -68 / - С.255-258

УДК 346.18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЕСЕБІ

Лакбаев Арнур Канатович

arnur.l@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті Есеп және аудит мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.Н.Таштанова

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы жолдауы еліміздің экономикалық-әлеуметтік секторының негізгі мәселері мен оларды шешудің басты бағыттары әзірленген болатын. Атап өтілген көптеген аспектілердің ішінде ерекше орынға «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасы мен 4.0 индустрияландыру жобасы аясындағы инновациялық қызметтің маңызды рөлге ие болу осы мақаланы жазуға басты ынталандырушы жағдайлар болып табылады [1].

Қазір Қазақстан жаңа экономикалық дәуірге, яғни инновациялық индустриалды даму сатысына аяқ басу үстінде. Әрине инновациялық өнім өндіру, оны тиімді сату кез келген компанияға, мемлекетке орасан зор табыс әкелетіні баршаға әйгілі. Сондықтан да Қазақстанда инновациялық саланың дамуы барысына мемлекет тарапынан көптеген ынталандырушы шаралар қолданылып жатыр.

Инновация – бұл прогрестің катализаторы, онсыз ұлттық экономиканың жоғары, оңтайлы деңгейге өту және жаһандану үрдісіне ілесу мүмкін емес деп те айтуға болады.

Басқа да қызметтер секілді, инновациялық қызмет есептің уақытылы және нақты ұйымдастырылуын талап етеді. Бухгалтерлік есептің ақпараты шаруашылық жүргізу субъектілері және олардың құрылымдық бөлімшелерін жедел басқару, экономикалық бағдар мен ағымдық жоспарды құру және мемлекет экономикасының даму заңдылықтарын зерттеу үшін кең арада қолданылады.


Қазіргі уақыттағы инновациялық қызметінің есебін ұйымдастыру концепциясы аз зерттелген және іс-жүзінде толығымен ашылмағандығын атап өткен жөн.

Шешілетін ғылыми мәселенің тәжірибелік маңыздылығы мен бағалауы Қазақстан Республикасы инновациялық қызметінің есебін ұйымдастыруға әзірленген әдістемелік тәсілдерді қолдану мүмкіндігімен анықталады.

Инновациялық қызмет – ғылыми зерттеулер, әзірлеулер немесе басқа да ғылыми-техникалық жетістіктерді нарыққа енгізілген жаңа немесе жетілдірілген өніммен, практикалық қызметте қолданылатын жаңа технологиялық үрдіспен немесе әлеуметтік қызметтердің жаңа тәсілдерімен интеграциялауды қамтамасыз ететін қызмет түрі.

Инновациялық қызметтегі бухгалтерлік есеп саласындағы негізгі проблематикаларды қарастырудың алдында оның басты тұжырымдарына тоқталып кетуі жөн.

Инновациялық қызметті анықтайтын маңызды жағдайлар қатарына келесілерді жатқызуға болады (сурет 1):




Сурет 1. Инновациялық қызметті анықтайтын жағдайлар

Инновациялық қызметтің нәтижесі болып инновация табылады.

Инновацияның негізгі қасиеттері (критерийлері) оның басты мақсаттары мен міндеттерін айқындайды, олар келесідей (сурет 2) [2, 11 б.]:

Инновациялық өнімнің «өмірлік циклі» ретінде идеяның қалыптасуы, осы өнімді шығару керектігі мен ғылыми-зерттеулік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардан (бұдан әрі ҒЗТҚЖ) бастап, тіпті соңғы экземплярды моральді немесе физикалық тозу нәтижесінен қоданыстан алып тастау мен өнімді кәдеге жарату жұмыстарын аяқтағанға дейінгі уақыт ұзақтығы танылады [3, 36 б.].



Сурет 2. Инновацияның негізгі қасиеттері

Егер де инновациялардың жіктелуіне тоқталатын болсақ, оның ең кешенді нұсқауын Быковский В.В. өзінің «Организация и финансирование инноваций» еңбегінде әзірлеген болатын. Ондағы жүйелендірудің негізгі қағидаты болып инновацияның негізгі қасиеттері бйойынша ерекшелендіру табылады (сурет 3) [4, 8 б.]:



Сурет 3. Инновациялардың жіктелуі

Инновациялық қызмет, кез-келген басқа қызмет секілді, шығындармен тығыз байланысты. Осындай шығындардың олардың кәсіпорындағы инновациялық белсенділік деңгейімен байланыстығына қарай жіктеу қажеттілігін айтып кетпеу қате болар еді. Кесте 1 инновациялық қызмет шығындардың жіктелуін көрсетіп тұр [5, 74 б.].

Кесте 1 – Инновациялық қызмет шығындары

Шығын топтары	Шығын түрлері
1. Ақпараттық шығындар	1.1 Жаңа өнімдер мен қызметтердің нарықта жүзеге асырылу мүмкіндігі бойынша 1.2 Өнімді өткізу арналарын әзірлеу бойынша 1.3 Жарнамалық қызмет бойынша 1.4 Шикізат жабдықтаушылары мен дайын инновациялық өнім сатып алушылар бойынша 1.5 Бәсекелестік барлау арқылы бәсекелес кәсіпорындар бойынша
1 Кесте жалғасы	
2. Инновациялық қызметті дайындау шығындары	2.1 Персоналды даярлау мен қайта оқыту, ұйымның интеллектуалды капиталды құру бойынша 2.2 Технологиялық құжаттаманы (лицензия, сертификат) дайындау мен сатып алу бойынша 2.3 Жаңа құрал-жабдықтар, материал, құраушылар бойынша 2.4 ҒЗТКЖ орындау бойынша 2.5 Инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті алаңдарды сатып алу немесе жалға алу бойынша
3. Инновациялық қызметтің өнірістік шығындары	3.1 Жаңа құрал-жабдықтар, материал, құраушыларды игеру бойынша 3.2 Инновациялық өнімді шығару бойынша 3.3 Инновациялық өнімді жүзеге асыру бойынша

Бухгалтерлік есеп тарапынан ҒЗТКЖ материалды емес активтер ретінде танылады. Инновациялық қызметпен айналысатын көп ұйымдарда зерттеулер мен әзірлеуге кететін шығындар баптары ең маңыздылардың қатарына жатқызылады.

Зерттеу кезеңіндегі бухгалтерлік есептің негізгі мәселесі болып осы шығындарды актив не шығыс ретінде тану табылады. Шығындардың өзіндік құнға капиталдандыруға міндетті деген ой-пікір қате. Себебі зерттеу кезеңінде кәсіпорын жүргізілетін зерттеулер болашақта әзірлеу кезеңімен аяқталатынын, ал әзірлеу нәтижелерін қолдану шығындарды сәтті жабатынын нақты білмейді. Осындай белгісіздіктің орын табуы 38 ХҚЕС-тің зерттеу кезеңінің шығындары актив ретінде емес, ал шығыстар ретінде танылуын талап еткеніне әкеліп соқтырады [6, 306 б.].

Инновациялық қызметте зерттеу кезеңінің жарқын үлгісі ретінде келесілерді қарастыруға болады:

- 1) жаңа білімді иеленуге бағытталған қызмет;
- 2) өзіндік зерттеулер, ғылыми ашулар және басқа да білімдер нұсқалары бойынша бағыттарды іздену, бағалау, талдау және соңғы бекіту;
- 3) балама материалдар, құрал-жабдықтар, үрдістер, өнімдер, жүйелер мен қызметтерді іздену;
- 4) жаңа немесе жетілдірілген материалдар, құрал-жабдықтар, үрдістер, өнімдер, жүйелер мен қызметтерді тұжырымдау, бағалау, талдау және соңғы іріткеу.

Ұйым жоба бойынша іс жүзінде пайда болған шығындарды материалды емес активтер ретінде тани алады ма деген сұрақ туындайды.

Осы сұраққа жауап келесідей тұжырымдалады: ұйымның осы жобаны бітірудің нақты ниеті болмағандықтан шығындарды капиталдандыруға болмайды. Осындай ниеттің бар болуы шығындарды капиталдандыру кезінде ұстанатын басты критерийлердің бірі болып табылады. Одан әрі, ұйым жұмыстарды аяқтауға арналған ақша қаражаттарды жеткілісіз көлемде бөліп отыр, ол да капиталдандыруға кедергі келтіретін жағдайлардың бірі болып табылады. Зерттеу кезеңіндегі шығындар келесі кестедегі корреспонденция үлгісі бойынша жүргізіледі:

Кесте 2 – Зерттеу кезеңіндегі шығындарды есепке алу

№	Операция мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
		Дт	Кт
1	Зерттеу кезеңінде жұмсалған материалдар есептен шығарылды	7210	1310
2	Зерттеу бойынша жұмыс атқаратын жұмыскерлерге еңбекақы есептелді	7210	3350
3	Жұмыскерге әлеуметтік салық есептелді	7210	3150

Осылайша, зерттеу кезеңінің шығындары кезең шығыстарында есептелетінін көріп тұрмыз.

Инновациялық қызметте материалды емес активтерді құру барысында екінші кезең болып әзірлеу кезеңі табылады (тәжірибелік-құрылымдық жұмыстар), олар ғылыми-зерттеулік жұмыстар немесе басқа жетілдірілген материалдар, құрал-жабдықтар, жүйелер мен қызметтердің нәтижелерін аудару болып табылады.

Әзірлеулер өзінің ішіне келесі іс-әрекеттер кіреді:

- түсініктерді тұжырымдау, зерттеу өнімдерін әзірлеу мен тексеру;
- прототиптерді құрастыру, пилоттық кәсіпорындарды эксплуатациялау.

Сонымен қатар, оларға нарықты зерттеу мен тауарды нарықта тексеру ене алады. Әзірлеуге дайын өнімге енгізілетін кәдімгі және кезеңдік өзгерістер, қайта өңдеу салалары және басқа да жұмыс істейтін үрдістер жатпайды [7, 140 б.].

Осындай операциялар бухгалтерлік есеп шоттарында келесідей көрсетіледі:

Кесте 3 – Әзірлеу сатысындағы шығындардың шоттар корреспонденциясы

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
		Дт	Кт

1	Әзірлеу кезеңінде жұмсалған материалдар есептен шығарылды	8110	1310
2	Әзірлеу бойынша жұмыс атқаратын жұмыскерлерге еңбекақы есептелді	8110	3350
3	Жұмыскерге әлеуметтік салық есептелді	8110	3150
4	Әзірлеу үрдісіне есептелген жүктеме шығыстар (негізгі құралдар мен материалды емес активтердің амортизациясы, коммуналды қызметтер, т.б.)	8110	8410
5	Есепті кезеңнің соңында материалды емес активтер есепке алынды	2730	8110

Әзірлеу сатысындағы шығыстар капиталдандырылатын шығыстар болып табылады. Ішінара жобаның инновациялық қызмет барысында туындайтын әзірлеулер материалды емес активтер ретінде тек келесі аспектілер сақталған жағдайда ғана таныла алады:

- материалды емес активтің қолдану мен сатуға қол жетімділігінің техникалық мүмкіндігі;
- ұйымның әзірлеуді міндетті түрде аяқтау ниеті;
- құрылған материалды емес активті қолдану немесе сату қабілеті;
- әзірлеу нәтижесі арқасында болашақта экономикалық пайда табу, ол бойынша нарықтың бар болуы, оның ішкі қолдану кезінде пайдалылығы;
- материалды емес активтің әзірлеуін аяқтау, қолдану немесе сату үшін техникалық, қаржылық, материалды және басқа да ресурстардың жеткілікті болуы;
- материалды емес активтің әзірлеу сатысына қатысты шығындарды сенімді бағалау қабілеті.

Қорыта келсек, шаруашылықты жүргізудің қазіргі жағдайларға сәйкес инновациялық қызмет экономика өсуінің негізгі факторларының бірі болып табылады. Инновациялық қызметтің қоғамдық дамудағы рөлі мен мәнінің артуы инновацияларды әзірлеу мен жүзеге асыру қарқынының күрт өсуіне әкеледі.

Жүргізілген зерттеудің нәтижелері инновациялық қызмет есебін жетілдіру бойынша қорытындылар мен ұсыныстардың келесі түрлеріне негіз бола алады:

- 1) Инновациялық қызмет – бұл өнімдік және үрдістік инновация түрлерін әзірлеу, құру, игеру және коммерцияландырумен байланысты ерекше қызмет түрі.
- 2) Инновациялық қызметте бухгалтерлік есепке алынатын бірлік болып ҒЗТКЖ табылады.
- 3) Инновациялық шығындардың ағымдағы және капиталдандырылатынына қарай ҒЗТКЖ-ның екі кезеңі көрсетіледі: зерттеу кезеңі мен әзірлеу кезеңі.
- 4) Инновациялық қызмет есебіндегі шығындарды ағымдағы не капиталдандырылатын топтарына жатқызу, сондай-ақ ҒЗТКЖ өнімдерін материалдық емес активтерге жіктеу бөлімдеріндегі мәселердің бірі ретінде кейбір тікелей ұйымдастыруда пайда болған кейбір жарнамалық өнімдерді материалды емес категориясына жатқызуы ұсынылды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.
2. Абрамешин А.Е., Молчанова О.П., учебник для вузов: «Инновационный менеджмент» - Москва, Издательство «Вита-Пресс», 2001 г. – 272 с.
3. Барышева А.В., учебное пособие: «Инновационный менеджмент», М.: Издательско торговая корпорация «Дашков и К°», 2012 г. – 384 с.
4. Быковский В.В., учебное пособие: Организация и финансирование инноваций – Тамбов : Изд-во Тамб. гос. техн. ун-та, 2006 г. – 116 с.

5. Сборник научных трудов по материалам международной научно – практической конференции «Инновационный потенциал бухгалтерского учета и экономического анализа», Новосибирск, 2014 г.
6. Таштанова Н.Н. «НИОКР как объект учета в инновационной деятельности», Сборник материалов IV международной научно-практической конференции «Экономико-правовые аспекты сотрудничества государств – участников Евразийского экономического союза». Представительство АО «Центр международных программ» в РФ совместно с Финансовым университетом при Правительстве Российской Федерации, г.Москва, 2015г. – 305-309 с.
7. А.С.Садиева, Э.М.Тлеуова: Финансовый учет 1: Учебное пособие.- Астана: изд. КазУЭФМТ, 2010 г. – 293 с.

УДК 346.18

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Мергенбаева Малика Әділжанқызы

malika.mali2016@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және Аудит» мамандығының 3-курс студенті, Астана
Ғылыми жетекшісі –Тажикенова Сапия Каргабаевна

Мемлекеттік аудит Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экономиканың әр түрлі салалары мен аясында жүзеге асырылады.[1] Тиімділік аудитін өткізу кезінде сыртқы мемлекеттік аудит органдары мемлекеттік аудиттің тақырыптық (арнайы) түрлерін жүргізе алады. Есеп комитеті мен тексеру комиссиялары жүргізетін тиімділік аудитінің ерекше түрлерінің бағыттарына жатады (1-сурет):

- экологиялық (қоршаған ортаны қорғау саласындағы аудит);
- стратегиялық (республикалық бюджетті атқару және мемлекет активтерін пайдалану бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуын бағалауды);
- IT аудит (ақпараттық технологиялар саласындағы аудит);
- мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген, сондай-ақ, мемлекет кепілгерліктері бойынша борышты қалыптастыру және басқару;
- ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының іске асырылуын бағалауды, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің экономиканың немесе экономиканың жеке саласына, әлеуметтік және мемлекеттік басқарудың басқа да салаларына дамуына әсерін бағалау;
- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтері мен басқа да активтерді басқару аудиті.



Сурет 1 – Мемлекеттік аудиттің жаңа бағыттары

Кез келген мемлекеттік аудиттің түрін жүргізуге келесі аудиттің кезеңдері тән:

- аудит объектісімен алдын-ала танысу;
- аудит жүргізу жоспарын әзірлеу;